

«6D010300-Педагогика және психология» мамандығы
бойынша PhD докторант
Тлеубекова Ленура Абдуалимовнанын
«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін
дамыту» тақырыбындағы диссертациясының

АНДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Зерттеудің мақсаты: зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру және нәтижелеріне сүйене отырып әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу міндеттері:

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- зияткерлік мектептердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерін анықтау;
- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;
- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтап, әдістемесін дайындау және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері:

- *теориялық әдістер:* талдау, жинақтау, зерделеу, салыстыру, жүйелеу, модельдеу, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге талдау, құрылымдау, нақтылау;
- *эмпирикалық әдістер:* диагностика, тест, нақтылау, google сауалнама, ойша эксперимент, χ^2 (хи квадрат) критерий әдісі, математикалық статистикалық тұрғыдан өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері философияда «жаңашылдықпен ойлаудың мәнін» түсіндіреді, психологияда «тұлғаның идея генерациясы, сонылығы мен ойлау икемділігін» сипаттайды, ал педагогикада «оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін сыртқы көріністе белсенділігін дамытуға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы» деп нақтыланады;
- зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негіздерін тұлғалық, іс-әрекеттік, синергетикалық, өркениеттік тұғырлар мен жүйелілік, ғылымилық, даралану мен түрлену, креативтілік қағидалар құрайды;
- зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың шарттары педагогикалық – ұйымдастырушылық, психологиялық – педагогикалық және дидактикалық деп нақтыланды;
- зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін

дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі, блоктар, компоненттер, өлшем мен көрсеткіштер және деңгейлерінен тұратын динамикалық байланыстағы зерттеуді графикалайды;

- зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың дербес білім беру бағдарламасы негізде оқыту, елшілес мекемелерінің қолдауы, халықаралық стандартқа сай және т.б. ерекшеліктері;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі: 8-9 сынып оқушыларына арналған «Creative boost» бағдарламасы, «Шығармашылық серпін» оқу – әдістемелік құралы жасақталды.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- зияткерлік мектептердің оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері анықталды;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі әзірленді, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде дәлелденді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, зияткерлік мектептердегі оқушылардың сипаты, бүгінгі қоғамдағы мәні және оны дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың білім, тәрбие мазмұнында, оқудан тыс уақытта жүзеге асырудағы құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды;

- зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған элективті курс бағдарламасының мазмұны аясында қолданылатын әдіс-тәсілдері мен формалары және оларды жүзеге асыру тетіктері ұсынылды;

- зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға байланысты жүргізілген тәжірибелік-эксперимент нәтижесінде нақты әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы зерттеу мәселесі бойынша «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасы жасалып ұсынылды.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құрал әзірленіп, зияткерлік мектептің оқу бағдарламасына ұсынылды.

Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастыруда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру жобасы» ұлттық жобасы оқушылардың шығармашылық әлеуетінің дамуы орта білім беру жүйесінің басым мақсаттары мен мүдделерінің бірі болып табылатындығы көрсетілген. ҚР «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» құжатының «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» параграфында «Білім берудегі құндылықтарды дарыту кезіндегі білім алушылардың сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдылары дамуы тиіс» делінген талапты орындау мақсатында, сондай ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Бүгінгі таңда азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен интеллектуалдық капиталына сүйенетін креативті индустриялар инклюзивті экономиканы дамытудың негізгі қозғаушы күші ретінде креативті экономика талантты және шығармашыл адамдарды тарту және солар арқылы ірі қалалардың өркендеуіне ықпал ету» міндеттерін жүзеге асыруға зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық моделі мен олардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы сатылы тетіктері ұсынылады. Сонымен қатар тәжірибеге ендірілген «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасы мен оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралы оқушылардың шығармашылық әлеуеті туралы білім мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы: Диссертациялық зерттеудің мазмұны бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің саны-11, оның ішінде Скопус базасында -1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда-3, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағында-6, оқу-әдістемелік құралы-1.

1. Development of Students' Creativity: Results of Practical Testing of the Learning Model during the Pandemic//European Journal of Contemporary Education, 2023, 12 (2), pp.655-666. DOI: 10.13187/ejced.2023.2.655 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85166964515&origin=AuthorNamesList> (co-authored with K. Atemova 10%, K. Turebayeva 5%, R. Kenzhebekova 5%). Докторант үлесі -80%

2. Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалы // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. № 2 - 2018, 31-38 б.б. <https://www.apnk.kz/zhurnal-vestnik> (қосалқы автор: А.Ж. Купешова 5%, Қ.Т. Әтемова 20%, Қ. І. Абдрахманова 5%.

Докторант үлесі – 70%)

3. Зияткерлік мектепте оқу үрдісінің мазмұны арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №3. – 2019, 137-142 б.б. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/48/48> (қосалқы автор: А. Әтемова Қ. Т. 10%, Абишева К. М. 5%, Купешова А. Ж. 5% Докторант үлесі-80%)

4. The impact of Nazarbayev Intellectual School's curriculum on the formation of students' creativity potential // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №8/3. -2019, 139-143 б.б. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/62/62> (қосалқы автор: Sengerbekova B.A. 10%, Koshkenbayeva M.M. 5%, Kupeshova A.Zh. 5% Докторант үлесі-80%)

5. Nazarbayev Intellectual school is a sphere of creativity // 8th International Conference “Science and Technology” by SCIEURO London, №1, V.2, 23-29 April, 2017. p.p- 104-109 <https://www.konferencii.ru/info/123143> (co-authored with Atemova K.T. 10%, Bolsynova M. 5%, Kokanbayeva M. 5% Докторант үлесі-80%).

6. Formation of Students' Creativity Potential In Intellectual Schools // Journal of Organizational Behavior Research. Turkey.- 2015.Vol.:4, 2019. p.p-148-161. <https://odad.org/article/formation-of-students-creativity-potential-in-intellectual-schools> (co-authored with K.Atemova 10%, A.Isabayeva 5%, G.Nuridinova 5%, N.Bektayeva 5%, B.Sengerbekova 5%. Докторант үлесі-80%).

7. Кіріктірілген білім беру жүйесінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың тиімділігі // International Symposium on Altay Communities Home- Family and Family Values. Istanbul, July 24-26. -№22. 2017. - p.p.-851- 859. <https://altaycommunities.org/vi-symposium-istanbul-tr/> (қосалқы автор: Қ. Әтемова, Қ 15%. Әбдрахманова 5%, К. Абишева 5%. Докторант үлесі-75%)

8. Effective and Innovative ways of teaching in modern educational system // профессор Т. А. Тұрмамбековтың 60- жылдығына арналған «Заманауи ғылым және білімнің өзекті мәселелері мен тенденциялары» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференцияның материалдары, ISBN 978-698-153-204-2. 26-27 қаңтар 2017, Қазақстан, Түркістан, 54-56 б.б. (co-autohered with: Atemova K. T. 20%, Abdrakhmanova 5%. Докторант үлесі- 75%).

9. Research into the Conditions and Criteria for Developing the Creativity Potential of Secondary School Children // Psychology and Education (2020) (57/9): p.p.-1892-1898 (co-authored with G. Akhmetova 5%, N. Medetbekova 5%, A. Asylbekova 5%, K. Sakhova 5%. Докторант үлесі- 80%).

10. Transformative Pedagogy: Nurturing Critical Thinking and Lifelong Learning // Ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Ханшайым Әбдүтәліпқызы Қарабаеваның 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ тілінің ХХІ ғасырдағы әлеуеті: линводидактика және оқыту инновациясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Алматы.-2024, 358-360 б.б (co-authored with Ismailova Lyazzat Zhumabayevna 15 және Akhmedov Nurlan Nurgalieovich 15%. Докторант үлесі- 70%).

11. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жаттығулар жинағы // Оқу-әдістемелік құралы. Шымкент НЗМ ФМБ. ISBN 978-601-09-3343-9. 20247 (қосалқы автор: Қ. Атемова 10%. Докторант үлесі-90%).